


«Жолдыбай ауылының негізгі орта мектебі» КММ
2023-2024 оқу жылындағы «Оқуға құштар мектеп» жобасының
жылдық талдамасы

Кітап әр тұлғаның білімділікке құштарлығын қалыптастырады. Кітап оқыған адамның қоғамнан ешуақытта шет қалмасы анық. Кітапты таңдап, талғап оқи білу, оны түсіну мен түйсіну, алған әсерінді өмір қажетіне жарата білу- әрбір адамның білігі мен білімін, пайымы мен парасатын айқындайтын алғы шарттардың бірі.

«Кітапта не туралы айтылған?», «Сен жаңа не білдің?», «Ерекше есінде қалған оқиға?», «Қандай сұрақтар туындады?», «Не түсініксіз болды?», «Алғысөз, соңғы сөз, иллюстрациялар кітапты терең түсінуге көмектесті ме?». Баланы кітап оқуға көбірек баулу және пайдалы оқу үшін, ең басты кітаптарды сүйеге көмектесу қажет. Қазіргі балалардың көбінің қиялдары компьютерлік ойындарға ауып кетуіне қарамастан, кітапханашылар мен ата-аналарда балаларға кітап әлемін сыйлау мүмкіндігі және құқығы қалады. Осы тұрғыда мектеп кітапханасы ерте жастан кітап оқуға қызығушылықты дамытуда көмекші және бағыттаушы қызметін атқарады. Жас оқырманмен жұмыс – бұл оның ата-анасымен жұмыс істеу. Кітап оқуға қызығушылық ерте балалық шақтан қаланады. Кітапхананың басты мақсаты жанұямен, мектеп, көпшілік ақпарат құралдарымен бірлесе отырып, жоғары талантты оқырман тәрбиелеу, олар адамгершілігі мол, интеллектуалды, әдеби шығармалардағы тәжірибелерді ала беретін болуы керек.

Биылғы оқу жылында Зеренді білім бөлімінің «Оқуға құштар мектеп» жобасын негізіне ала отырып көптеген жұмыстар жоспарланды. Жобаның мақсаты: Жас ұрпаққа әлемдік стандарттар деңгейінде білім алу үшін кітап оқу арқылы білім сапасын арттыру. Қазіргі оқушының оқу сауаттылығының қалыптастыру және жетілдіру, тіл байлығын, ой-өрісін жоғары деңгейде дамыту, оқушының рухани адамгершілік және интеллектуалдық дамуын арттыру. «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша іс-шаралар мектеп сайтына салынып, желілерде жарияланды. Әр ата-аналар жиналысында кітап оқу мәселелері бойынша ата-аналарға айтылады. Жоспарланған жоспар бойынша іс-шаралар өткізіліп отырды. Атап айтсақ: Көрмелер ұйымдастырылды; 5,20 минуттық оқулар жалғастырылды, мәнерлеп оқу; 5-6, 7-8 сынып оқушыларына ұсынылған әдеби кітаптарды оқу, челенждерге қатысу, демалыста кітап оқу.





Тәуелсіздік күніне арналған көрме

Даярлық сынып. Ертегілер еліне саяхат .

Мақсаты: Оқушыларды ауыз әдебиетіндегі ертегілерімен, ертегі кейіпкерлерімен таныстырып, ұлттық рухани біліммен қаруландыру. Оқушылардың тілін, қиялын, сөздік қорын халық мұрасы арқылы дамыту; балалардың логикалық қабілетін, танымын дамыту.



Дөңгелек үстел: «Бізді ақылды ететін кітап-дана».

Мақсаты: Оқушыларды кітапты сүйуге, оны күтіп ұстауға тәрбиелеу



20 минуттық оқу. Мақсаты: кітап оқуға деген қызығушылықтарын қалыптастыру, кітап оқуға ынтасын арттыру, көпшілік алдында өз ойын еркін жеткізуге, кітап оқуа сүйіспеншілігін арттыру.



«Біздің балалық шағымыздағы оқыған бір кітап» мұғалімдер арасындағы челлендж
Мақсаты: Табысқа жету емес, өміріңіздің мағыналы болуын қамтамасыз етуге тырысыңыз.



«Оқуға құштар» аясында мектепке кітап сыйлау акциясы.Мақсаты:Оқушыларды кітап оқуға ынталандыру,кітаптың ең асыл қазына екенің түсіндіру



Үзілісте кітап оқу . Мақсаты:Оқушылар кітап оқып,оқыған кітап туралы пікірлеседі.



Демалыста кітап оқу.Мақсаты: Оқушыларды демалыс кезін ұтымды,тиянақты пайдалану,кітап оқуына ықпал жасау.Оқушылар демалыс уақытында оқыған кітаптарымен таныстырып ,ойларын оратаға салады.



Кітапханамыз жыл сайын жаңа әдеби кітаптармен толықтырылып отырады. Кітап оқуға бала кезден баулу керек. Адамның әдебиетке деген махаббаты сол балалық шақтан пайда болады. Баланың жан-жақты тәрбиелі болып өсуіне отбасының ықпалы мол екендігін ашып көрсетер әдебиеттер қамтылды. Оқушылар кітапханаға жиі-жиі келіп, әдеби кітаптарды алып отырады. Жоспарланған жұмыстар барлығы орындалды.